«8D04102 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Мурабилдаева Риза Алимахуновнаның «Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі: ағымдағы жағдайын талдау және қамтамасыз ету жолдары» тақырыбындағы диссертация жұмысына

АННОТАЦИЯ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Азық-түлік қауіпсіздігіне Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) қабылдаған Тұрақты даму мақсаттары жүйесінде Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) 2 мақсаты – аштықты жоюды, азық-түлікке қолжетімділікті арттыруды және де ауыл шаруашылығын орнықты дамытуға қол жеткізуді көздейтін мақсат жаһандық деңгейде басымдық берді. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» [2] атты Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейту және ішкі нарықты негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету міндеттері ерекше атап өтілді.

Сонымен қатар, Президент Қ.Қ. Тоқаев Біріккен Ұлттар ұйымының Азық-түлік жүйелері Саммитінде Қазақстанның халықаралық азық-түлік тасымалында маңызды рөл атқаратыны алдыңғы қатарға шығарылды. Саммитте экологиялық жаңғырту және агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту қажеттілігіне назар аударылып, азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұстарының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мән берілді.

Пандемия уақытында бүкіл әлем азық-түлік қауіпсіздігі мәселесімен бетпе бет келді. Жаһандық жеткізу арналарындағы үзілістер, логистикалық кедергілердің күшеюі, бағаның құбылмалылығы азық-түлік қауіпсіздігінің стратегиялық маңыздылығын күшейтті. Елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі ішкі нарықты қорғауға, ел аумағында қор қалыптастыруға, сонымен бірге мемлекеттік реттеудің тиімді жүзеге асырылуына деген тәуелділігі тағы да дәлелденді. Табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану, мал шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныстың артуы, тұтыну тауарлары бағасының өсуі азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін тереңдете түсті.

Қоғамда түпнұсқа емес өнімдер жиі кездесіп, зиянды өнімдер дәріптелуде және де ГӨО қосылған тұтыну тауарлары сатылуда. Мұндай оқиғалардың жиі қайталануы халықтың денсаулығына, өмір сүру сапасына, ұлттық генофондтың қорғалуы мен сақталуына тікелей әсерін тигізеді.

Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы бірқатар көкөністерді, дәнді және бұршақты дақылдарды өсіруге өте қолайлы. Алайда көкөніс алқаптары жылдан жылға кеңейсе де импорт көлемі азаймай тұр. Елдің ішкі нарығындағы кейбір азық-түлік тауарларының жеткіліксіз деңгейі шешілмеген мәселені айғақтайды. Бұл мәселелер зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетіп, азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін зерттеу нысаны ретінде алуға негіз қалыптастырды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық аспектілерінің өзектілігі жоғарыда аталған мәселелерді шешудің маңыздылығын анықтап, диссертация жұмысы тақырыбының озектілігін одан әрі растайды. Климаттың өзгеруі, геосаяси тұрақсыздық жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрақтылық пен бейімділікті нығайтуға бағытталған жаңа аналитикалық құралдарды әзірлеуді талап етеді. Сондықтан сыртқы әсерлерді талдау арқылы даму бағыттарын анықтау және экономикалық, климаттық, институционалдық факторларды интеграциялау арқылы тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша тәжірибелік ұсыныстарды тұжырымдау маңызды.

Жұмыстың зерттелу дәрежесі. Ұлттық азық-түлік қауіпсіздігінің теориялық және әдіснамалық негіздеріне арналған алғашқы ғылыми зерттеулер шетелдік ғалымдардың еңбектерінде ұсынылды. Бүгінгі күнге дейін өзекті болып келген зерттеулердің қатарында В. Гумбольд, Heslop H.B., Baldwin D.A., Buzan B., Waewer O., Wilde J.de, Hough P., Nesadurai H., Tsereteli M., Aleksander Gorzelak, Jean-Paul Chavas, Deepayan Debnath, Parijat Ghosh, Suresh Babu, Michael Helmar, Tibebu Aragie және Sisay Genanu еңбектері бар. Бұл ғалымдардың еңбектері азық-түлік қауіпсіздігі ұғымының ғылыми айналымда қалыптасу кезеңін сипаттайды. Бұл кезеңде оның мазмұны тек азық қорымен ғана шектелмей, экономикалық, әлеуметтік және саяси қырлармен толықты.

Ресейде азық-түлік мәселесін Бирюков А.И., Афанасьев С.Г., Гумеров Р., Балабанов В.С., Борисенко Е.Н., Лупашко-Стальский И.П., Ломакин В.К., Антамошкина Е.Н., Сафин У.З., Кудряшова А.А, Преснякова О.П., Серова Е.В., Чернова О.А., Степаненко В.Е. зерттеген. Ресейлік ғалымдар азық-түлік мәселесін көбіне аграрлық сектордың тұрақтылығы, елдің өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі, мемлекеттік реттеу құралдары және сыртқы нарықтық тәуелділік тәуекелдері аясында зерттеген.

Азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етуші факторларға талдау жүргізіп ғылыми еңбектер жазған Қазақстандық ғалымдардың қатарында Сабден О., Кайгородцев А.А., Бимендиева Л.А., Тілеубердинова А.Т., Күзембаев М.Е., Каменова М.Ж., Алибаев Е.А., Мизанбекова К.С., Акылбеков Р.С., Кожахметова Г.А. және т.б. ғалымдар бар. Отандық ғалымдардың зерттеулерінің ерекшелігі – азық-түлік қауіпсіздігін Қазақстан экономикасының, аргөөнеркәсіптік кешеннің даму үрдістерінің, өңірлік ерекшеліктердің, халықтың тұтыну деңгейінің және мемлекеттік қолдау тетіктерінің ықпалымен ұлттық деңгейде кешенді құбылыс ретінде қарастырған.

Алайда қолданыстағы зерттеулерде азық-түлік қауіпсіздігіне ықпал ететін климаттық, сыртқы экономикалық және институционалдық факторлардың өзара байланысы Қазақстан жағдайында кешенді түрде зерттеу жүргізілмеген. Сәйкесінше диссертациялық жұмыстың ерекшелігі – аталған ықпалдарды агроөнеркәсіптік кешеннің даму үрдістерімен сабақтастыра отырып, жүйелі бағалауға бағытталған.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты: Жоғары турбуленттілік жағдайында Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің ресурстық әлеуетін

және азық-түлік қауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйін кешенді талдау арқылы азық-түлік қауіпсіздігінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Диссертациялық жұмыс төмендегідей міндеттерден тұрады:

- азық-түлік қауіпсіздігін зерттеуге бағытталған тұжырымдамалық негіздер мен теориялық-әдіснамалық тәсілдерді зерттеу арқылы «азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымының авторлық түсінік даярлау;
- азық-түлік қауіпсіздігін көрсеткіштерін ФАО әдістемесіндегі тұрақтылық және бейімділік индикаторларын кеңейту негізінде талдау арқылы оның қазіргі жағдайын, құрылымдық ерекшеліктерін және даму үрдістерін анықтау;
- жаһандық тәуекелдер аясында азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізуге бағытталған Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің ресурстық әлеуетін зерттеу;
- Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін өндірістік, құрылымдық және климаттық факторларды бірнеше ARDL моделдерін тұрғызу арқылы байланысын анықтау;
- агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту мақсатында қабылданған мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларының нәтижелілігін бағалау;
- азық-түлік қауіпсіздігінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағыттарын оңтайландыру бойынша кешенді ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны: халықты сапалы және қолжетімді азық-түлікпен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық, ұйымдастырушылық және институционалдық қатынастардың жиынтығы ретінде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі.

Зерттеу пәні: Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру тетіктері.

Теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері базасын БҰҰ Тұрақты даму мақсаттар мәліметтері, БҰҰ Азық-түліктік және ауыл шаруашылықтық ұйымы деректері, Дүниежүзілік банктің азық-түлік қауіпсіздігі туралы ақпараттары, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін зерделеуге бағытталған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері құрайды. Экономикалық зерттеуде ғылыми абстракция, синтез, индукция, дедукция, жіктеу, талдау, эконометрикалық, статистикалық, корреляциялық, салыстырмалы талдау, индекстік әдіс және т.б. әдістер қолданылды.

Ұсынылған зерттеу моделі мен тұжырымдалған гипотезалардың эмпирикалық жарамдылық тексеру үшін Stata статистикалық және эконометрикалық бағдарламалық жасақтама кешені қолданылды. Бұл құралдар деректерді алдын ала өңдеу, мультиколлинеарлықты диагностикалау, өлшемдік модельдердің валидтілігі мен сенімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің ақпараттық базасын Дүниежүзілік банк, ҚР Ұлттық Банктің статистикалық деректері, Біріккен Ұлттар ұйымы, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, ҚР ҰЭМ Стратегиялық жоспарлау агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері құрайды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

- «азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымының экономикалық мәні мен құрылымдық ерекшеліктерін ескеретін авторлық түсінік берілді;
- ФАО әдістемесіндегі тұрақтылық және бейімділік индикаторларын кеңейту негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігінің ағымдағы деңгейі айқындалды;
- ARDL моделдер тұрғызу арқылы Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етуші өндірістік, құрылымдық және климаттық факторлардың әсері бағаланды;
- агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты даму мақсатындағы мемлекеттік бағдарламалар нәтижелерінің тиімділік коэффициенті есептелді;
- еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

- азық-түлік қауіпсіздігі ұғымына авторлық түсіндірме берілді: «Азық-түлік қауіпсіздігі – жаһандық турбулентті тәуекелдердің әсеріне бейімді агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы арқылы халықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі». Авторлық түсініктеменің ғылыми ерекшелігі азық-түлік қауіпсіздігін тек халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі ретінде емес, отандық сапалы өнімнің физикалық, экономикалық және әлеуметтік қолжетімділігін, өзгермелі макроэкономикалық ортаға бейімделгіш агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты даму қабілетімен өзара байланыстыра қарастырған.
- ФАО әдістемесінің азық-түліктің қолжетімділігі, қолда бар болуы мен жеткіліктілігі, сапа және қауіпсіздігі, тұрақтылық және бейімділік индикаторлары негізінде 2016-2024 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштерін есептеу арқылы ағымдағы деңгейі бағаланды;
- ARDL моделі арқылы азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етуші өндірістік, құрылымдық және де климаттық факторлардың ықпалы сандық тұрғыдан айғақталды, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету өндіріс көлемімен қатар, аграрлық саланың құрылымдық орнықтылығы мен сыртқы орта ықпалына да тікелей тәуелділігі негізделіп, дәлелденді;
- азық-түлік қауіпсіздігі мен АӨК тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділік коэффициентіне қол жеткізілді және іске асырылу нәтижелері интегралды тәсілмен бағаланды; мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттарының орындалуы мен іске асырылу сатыларын бақылауда цифрлық мониторинг, аралық бақылау нәтижелеріне жедел әрекет ету қызметін және бағалау

тетіктерін енгізу арқылы мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру қажеттігі негізделді;

– АӨК бағдарламаларының институционалдық-экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған басқарудың толық циклін сипаттайтын және мәселені айқындау, стратегиялық мақсат қою, нәтижеге бағдарланған қағидаттарды белгілеу, қаржылық-ұйымдастырушылық құралдар арқылы іске асыру, цифрлық мониторинг негізінде бақылау жүргізу және әлеуметтік-экономикалық нәтижелерге қол жеткізу кезеңдерін өзара сабақтастықта қарастыратын тұжырымдама ұсынылды.

Зерттеу нәтижесінің теориялық және тәжірибелік мәні.

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер мен қорытындылар Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасы жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі қабылдайтын мемлекеттік бағдарламалар мен саясатта қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы және жариялануымдары. Зерттеу жұмысы бойынша 4 ғылыми мақала жарияланған, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін журналда 1 мақала, ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 2 мақала, халықаралық конференция материалында – 1 мақала жарияланды.

Диссертацияның құрылымы: диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Негізгі мәтінде 138 бет, 60 кесте және 24 сурет бар. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 175 дереккөзден тұрады.